КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 19 қыркүйек Іс №1513-25-00-2/1892 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.С.Жұбатова,
сот отырысының хатшысы А.Абдраева отырып,
сот ғимаратында «Whatsapp» мобильдік қосымшасы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысының мемлекеттік сатып алулар басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«ФАВОРИТ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

СОТТА ҚАТЫСҚАН:
талап қоюшы өкілі – Е.Н.Манарбек
жауапкер өкілі – Г.С.Ипатов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Актөбе облысының мемлекеттік сатып алулар басқармасы» ММ (бұдан әрі – Басқарма) 2025 жылғы 2 маусымда Басқармамен «Актөбе қаласы, Алматы ауданы аумағындағы апатты үйлерді демонтаждау» тақырыбындағы №14861294-1 мемлекеттік сатып алу туралы хабарландыру ашық конкурс тәсілімен жарияланды.

Сомасы – 264 695 321 теңге, сатып алуды ұйымдастырушы – «Актөбе қаласы Алматы ауданы әкімінің аппараты» КММ-сі.

Өтінімдерді қабылдау мерзімі 2025 жылғы 5 маусымнан 13 маусымға дейінгі аралықта жүргізілді.

Конкурсқа қатысуға арналған №14861294-ОК1 ашу хаттамасына сәйкес келесі әлеуетті өнім берушілер өтінімдер ұсынған: ТОО «AG», ТОО «Братья

Құжатқа қол қойылған: Жұбатова Ж. С., 26.09.2025
Заңды күшіне енген күні: 29.10.2025, судья Жұбатова Ж. С., 30.10.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Амангалиевы», ТОО «Отес Актобе», ТОО «ZNS Group», ТОО «Серік бизнес құрылыс», ТОО «Garant Stroy-K», ТОО «Лира», ТОО «Есиль-2018», ТОО «ТД Monolit 2030», ТОО «Global Design Consulting», ТОО «Самир ЛТД», ТОО «DIM&AIS» және ӨК «ФАВОРИТ».

Конкурстық құжаттамаға сәйкес әлеуеттік өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптарының бірі – жүк көтергіштігі 1 тоннадан аспайтын мини-погрузчиктің 3 данасы болуы.

Әлеуетті өнім беруші ӨК «ФАВОРИТ» конкурстық өтінімінде (конкурстық құжаттаманың 11-қосымшасы) жүк көтергіштігі 1 тоннадан аспайтын мини-погрузчиктің Ибраев М.А. есімді жеке тұлғадан жалға алынғанын көрсеткен.

Растайтын құжаттардың электронды көшірмелері қоса берілген: 2025 жылғы 5 наурыздағы №91 жалға алу шарты, 2025 жылғы 7 сәуірде Ибраев М.А. атына берілген №021371 УСХ09 техникалық төлқұжат және оның жеке куәлігі.

2025 жылғы 16 маусымдағы қорытынды хаттамаға сәйкес, ӨК «ФАВОРИТ» конкурс жеңімпазы деп танылған. Конкурстық комиссия материалдық ресурсты ескеріп, оның өтінімін жіберілген деп қабылдаған.

2025 жылғы 24 маусымдағы қорытындыны қайта қарау хаттамасына сәйкес, конкурсқа тек бір әлеуетті өнім беруші жіберілгеніне байланысты конкурс өткізілмеген деп танылды.

Жалған ақпарат ұсынылғанын анықтау мақсатында, 2025 жылдың 20 маусым айында Басқарма тарапынан Қарағанды қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөліміне №2-7/200 сұраныс жолданды.

2025 жылғы 23 маусымдағы №1-5/1197 жауап хатқа сәйкес, МКСМ-800К маркалы, 2009 жылы шыққан, зауыттық №009971, қозғалтқыш №70021566, мемлекеттік тіркеу нөмірі AZD731M коммуналдық құрылыс техникасы 21.04.2025 жылы мемлекеттік тіркеуден шешілгені хабарланды. Атап өту қажет, әлеуетті өнім беруші ПК «ФАВОРИТ» конкурсқа өтінімді 13.06.2025 жылы тапсырған.

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен жүгініп, онда жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған. Себебі, жауапкер конкурс барысында анық емес ақпарат бергендігі туралы хабарланғандығын көрсеткен.

Талап қоюшы өкілі талапты қолдап, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі талапты мойындамай, анық емес ақпарат бермегендерін, теріс әрекетерін жасамағандарын айтып көрсетті. Талапты қанағаттандырудан бас тартуын сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 8-бабының 4-тармағынын 1) тармсақшасына сәйкес да (бұдан әрі-Заң) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Құжатқа қол қойылған: Жубатова Ж. С., 26.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 29.10.2025, судья Жубатова Ж. С., 30.10.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Заңның 3-бабының 1-тармақшасына сәйкес, анық емес ақпарат – біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша әлеуетті өнім берушінің және (немесе) тартылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) конкурсқа, аукционға қатысуға арналған өтінімінде және растаушы құжаттарында қамтылған, сол сияқты ұсынылған өтінімде шынайы мазмұнды бұрмалайтын және шындыққа және әлеуетті өнім берушінің растаушы құжаттарына сай келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер.

Растайтын құжаттардың электронды көшірмелері қоса берілген: 2025 жылғы 5 наурыздағы №91 жалға алу шарты, 2025 жылғы 7 сәуірде Ибраев М.А. атына берілген №021371 УСХ09 техникалық төлқұжат және оның жеке куәлігі.

Осыған байланысты жалға алу шарты мен техникалық төлқұжат бойынша ұсынылған мәліметтер Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңының 3-бабы 1-тармағына сәйкес дұрыс емес ақпарат болып табылады.

Баяндалған мән-жайлар кезінде сот бұл жағдайда жауапкер тарапынан анық емес ақпарат беруге бағытталған іс-әрекеттер деп есептейді.

Сот отырысы барысында жауапкердің конкурсқа қатысуға берілген өтінімде жалған мәліметтерді көрсеткендігі анық анықталды.

Жауапкер өкілінің талапқа қарсы пікіріндегі, анық емес ақпарат туралы білмегендірін, сот негізсіз және талапты қанғаттандырудан бас тартуға негіз болмайтын деп санайды.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, талаптарды қанағаттандыру үшін құқықтық негіздер бар екенің ескере отырып, талап қоюшы мәлімдеген негіздер бойынша талап қанағаттандыруған жатады деп есептейді.

Сот, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 117-бабына (әрі қарай–АПК) сай, сот шығындары өндірілуге жатады деп санайды.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Ақтөбе облысының мемлекеттік сатып алулар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

«ФАВОРИТ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«ФАВОРИТ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен жергілікті бюджет пайдасына 1966 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің төрт жүз үш төрт жүз төртінші-баптарының талаптарын сақтап, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, осы кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал

Құжатқа қол қойылған: Жубатова Ж. С., 26.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 29.10.2025, судья Жубатова Ж. С., 30.10.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья Ж.С.Жұбатова

Құжатқа қол қойылған: Жубатова Ж. С., 26.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 29.10.2025, судья Жубатова Ж. С., 30.10.2025

1513-25-3-1/2502